



Ақша мәні мен қызметтері (функциялары)


PhD, доцент Досжан Р.Д



Дәріс жоспары:

1. Ақшаның мәні мен функциялары
2. Ақша жайлы қызықты фактілер
3. Ақшаны сақтау мен көбейтудің жолдары
4. Рационалистік теория
5. Рационалистік теория
6. Ақшаның үш негізгі функциясы

Ақша дегеніміз не?



Ақша - бұл барлық тауарлардың құнын өлшейтін, жалпыға балама айрықша тауар

Ақша – қалай пайда болды?



Әлемдік экономикада ақшаның пайда болуының екі негізгі теориясы бар:



Рационалистік




Эволюциялық

01

Ақшаның пайда болуының рационалистік теориясы

Рационалистік теорияға сәйкес - ақша тауарларды айырбастау үшін қолданылатын арнайы құрал ретінде ойлап тапқан адамдар арасындағы келісімнің нәтижесі.



Ендігіде таспен емес,
қағаздармен алмасайық?

Келістік

02



Ақшаның пайда болуының эволюциялық теориясы



Эволюциялық теорияға сәйкес - ақша адамдардың еркіне тәуелсіз түрде пайда болды. Адамзат дамуы нәтижесінде ақша сияқты айырбас құралының пайда болуы міндетті түрде болуы керек еді.

Тауар айырбасының дамуы тауарлар құнының әр түрлі формаларының ақырындап алмасуы нәтижесінде жүзеге асты:



Ақшаның 5 қызметі



Ақша экономикадағы рөлін өзінің атқаратын негізгі қызметтері арқылы орындайды. Ақшаның әр қызметі тауар айырбасы процесінен туындайтын тауар өндірушілердің формасы ретінде ақшаның әлеуметтік және экономикалық мазмұнының белгілі бір жақтарын сипаттайды. Ақшаның қазіргі экономикадағы атқаратын қызметтеріне мыналар жатады:



1

құн өлшемі және баға масштабы;

2

айналыс (айырбас) құралы;

3

төлем құралы;

4

қорлану және қор жинау құралы;

5


дүниежүзілік ақша.



Ақшаның құн өлшемі қызметі

Ақша жалпыға бірдей балама ретінде барлық тауарлардың құнын өлшейді. Ақша құн өлшемі ретінде: **“мөлшері жағынан сәйкес, сапасы жағынан салыстыруға келетін тауарлар құнын бейнелеу үшін тауарлар дүниесіне материал беру”** қызметін атқарады.

Тауар құнының ақшамен бейнеленуі оның бағасы деп аталады. Баға тауарды өндіруге және сатуға қажетті қоғамдық еңбек шығынымен анықталады



Ақшаның айналыс құралы қызметі



Айналыс құралы қызметінде ақша тауар айналысы процесінде делдалдық рөл атқарады.

Тауар айналысы мынадай процесстерді қамтиды: тауар сату, яғни оның ақшаға айналуы, және тауарды сатып алу, яғни тауардың ақшаға айналуы.

Бұл процесті арнайы формулада келесідей түрде беруге болады: Т (тауар) – А (ақша) – Т (тауар).



Ақшаның төлем құралы қызметі.

Ақша төлем құралы ретінде тек қана тауар айналысына қызмет етіп қоймай, сол сияқты қаржы және несие қатынастарына да қызмет етеді.

Жалпы барлық ақшалай төлемдерді төмендегідей түрде топтастыруға болады:

- тауарлар және көрсетілетін қызметтер бойынша төлем міндеттемелері;
- мемлекетке қатысты қаржылық міндеттемелер;
- банктік ссудалар, мемлекеттік және тұтыну несиелері бойынша қарыздық міндеттемелер;
- сақтандыру міндеттемелері;
- әкімшілік және сот алдындағы және өзге міндеттемелер.

Дүниежүзілік ақша қызметі



Сыртқы сауда байланыстары, халықаралық заемдар, сыртқы серіктестерге қызмет көрсету барысы дүниежүзілік ақшалардың пайда болуына себеп болды.

Дүниежүзілік ақшалар жалпыға ортақ төлем құралы, жалпыға ортақ сатып алынатын құрал және жалпыға ортақ қоғамдық байлықтың материалдану құралы болып табылады. Халықаралық төлем құралы ретінде дүниежүзілік ақшалар халықаралық байланыстардағы есеп айырысуларда қолданылады.

Ақшаның қор жинау қызметі

Байлығымды қарбыз түрінде сақтауға болмайды екен

Ақша жалпыға бірдей балама ретінде, оның иесі үшін тауар алуды қамтамасыз етумен қатар, **байлықты жинау құралы** болып табылады.

